

Ө. А. Тұрғанов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, полиция подполковнигі;

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қ. Е. Сағын, магистрант

(Орталық-Қазақстан академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағының мәні

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағының мәні зерттелген.

Түйін сөздер: субъективтік жағы, құқық, кінә, ниет, мақсат, қасақаналық, абайсыздық, құқық бұзушылық, тәжірибе, жанасы, факультативтік.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстанның құқықтық саясат Концепциясының және басқа мемлекеттік құжаттардың аясында Қазақстан Республикасы Конституциясына, жалпы қабылданған қағидаларға және халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес елдің құқықтық жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнама әрі қарай дамытуды, жекелей алғанда, қоғамды бұдан әрі дамыту және оның әлеуметтік-экономикалық дамуының міндеттерін шешу негізіндегі қолданыстағы заңдарды сатылы түрде жетілдіруді талап ететіндігі анық көрінеді.

Осыған байланысты қылмыстық саясаттың артықшылық бағыттарының бірі болып қылмыстық заңнаманың сапасын арттыру болып табылады — қылмыстық заңның нормалары заңгерлік дәлдік пен салдарының айқындылығы талаптарына сәйкес келуі, яғни қылмыстық-құқықтық нормалар нақтылықтың жеткілікті дәрежесінде қалыптастырылуы және заң ережелерін өз бетінше пайымдау мүмкіндігін болдырмай, құқыққа сай қылықты құқыққа қайшыдан толық анықтылықпен ажыратуға мүмкіндік беретін түсінікті ерекшеліктерге негізделген болуы тиіс.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының проблемасы ерекше орынға ие. Осы қылмыстық санатты түсінудің, әсіресе, оны құқықта қолдану кеңістігіне көшірудегі қиындығы, ең алдымен, қылмыстық құқық бұзушылықтың және оның белгілерінің субъективтік жағын түсінудің психологиялық мәнінен — кінә, ниет және мақсатынан тұрады. Қылмыстық құқықтың даму тарихының барлық кезеңінің аралығында қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының және жекелей алғанда кінә институты баяу және қиын қалыптасу жолынан өтті. Дегенмен, заманауи қылмыстық құқықтың барлық жетістіктерін есепке алғанның өзінде қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы институтын кемелденген деп тануға болмайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды зерттеумен айналысқан жекелеген ғалымдар оларды жалпы қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерде қарастырғандығын, сонымен қатар, мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағына жіті назар аудармай қарастырғандығын атап өту керек. Соңғы уақытта байқалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағына (әсіресе, кінә проблемаларына) заңгер ғалымдардың қызығушылығы, әсіресе субъективтік жағы бойынша саралаудағы

жіберілетін қателіктердің деңгейі әлі күнге дейін жоғарылап, сондай-ақ психология теориясының дамуы, қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағының жалпы теориясында (жекелей алғанда кінә теориясында) кейбір аспектілерді қайтадан ой елегінен өткізуге сілтеме ретінде қызмет атқарады. Осы бағытта бүгінгі күні қылмыстық құқық ғылымының дамуы, қылмыстық заңнаманың нормаларын жетілдіру және оларды қолданудың тәжірибесі үшін жеткілікті қорлар бар деп пайымдаймыз.

Қауіп төндіру қағидасы бойынша құрылған қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының субъективтік жағы жанама ниетпен сипатталады. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау кезінде қауіпке және қоғамдық қауіпті зардаптардың шынайы түрде туындауына деген психикалық қатынастың мәні бірдей. Егер қоғамдық қауіпті зардаптардың туындау қауіпін тудыру тұлғаның ниетімен қамтылған болса, онда мұндай зардаптардың шынайы түрде орын алуы да оның ниетімен шүбәсіз қамтылады. Сондай-ақ керісінше, егер қауіп абайсыздықпен төндірілген болса, онда қоғамдық қауіпті зардаптар да тек қана абайсыздықпен келтірілуі мүмкін.

Абайсыз қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасу деп тұтас абайсыз қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп адамның өзара байланысты қатысуын түсінген жөн. Абайсыз қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасуды қатысушылық институтымен қатар заңнамалық түрде бекіткен жөн. Кейбір авторлар қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы деп тұлғаның өзінің жасап жатқан қылмыстық құқық бұзушылығына психикалық қатынасын санауды ұсынған [1]. Басқалары болса бұл ұғымға кеңірек ашылған тұлғаның қоғамдық қауіпті әрекетке және туындаған қоғамдық қауіпті зардаптарға деген психикалық қатынасы сияқты қылмыстық құқық бұзушылық пен кінәнің субъективтік жағы ұғымын теңдестіру арқылы анықтама берген [2]. Үшіншілері бұған әрекет пен зардаптың арасындағы себептік байланысына психикалық қатынасын қосқан [3]. Кейбір айырмашылықтарға қарамастан барлық аталған пікірлерді бірыңғай деп санауға болады. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының заманауи теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының жалпыға қабылданған анықтамасы болып — бұл тұлғаның қоғамдық қауіпті әрекетке және осы әрекеттің салдарынан туындаған қоғамдық қауіпті зардаптарға деген психикалық қатынасы саналады [4].

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының мазмұны үш белгіні құрайды: қылмыстық құқық бұзушылықтың кінәсі, ниеті және мақсаты. Қылмыстық құқық бұзушылықтың ниеті мен мақсаты кінәға қарағанда субъективтік жақтың факультативтік белгілері ретінде көрінеді. Бұл ретте, субъективтік жақтың аталған факультативтік белгілері тек қана тікелей ниетпен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға тән.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың ниеті деп субъект басшылыққа алатын ішкі қозулары түсініледі. Оны анықтау тек тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі психикалық күйін бағалау үшін ғана емес, сондай-ақ кінәліні мінездеу және оның жеке басын моральдық бағалау үшін де маңызды. Қылмыстық құқық бұзушылықтың ниеті сонымен қатар жасалған әрекеттің зияндылық дәрежесін сипаттайды. Ол қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қажетті белгісі болып табылатын жағдайларда ғана қылмыстық құқық бұзушылықты саралау үшін маңызды мәнге ие болады, ал басқа жағдайларда сотпен жаза тайындау кезінде жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жай ретінде ескеріледі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсаты — бұл субъект қоғамға қауіпті әрекетті жасау арқылы қол жеткізуге ұмтылатын нәрсесі. Қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсаты ниет сияқты тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауға байланысты санасындағы субъективтік процесті сипаттайды. Сол себепті, жаза тағайындау кезінде міндетті түрде ескерілуі тиіс қылмыскердің қоғамдық қауіптілігінің мөлшерін көрсетеді. Бірқатар жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсаты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының құрылымдық не болмаса саралаушы белгісі ретінде көрінеді. Дегенмен, қылмыстық құқық бұзушылықтың ниеті мен мақсаты арнайы нормалар немесе ережелердің бұзылуымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының белгілер санына кірмейтіндігінен, біз оларды егжей-тегжейлі қарастыру үшін тоқтамай, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының негізгі белгісін — кінәні талдауға көшеміз.

Осылайша, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы теориясындағы орталық талқылау сұрақтарының бірі болып қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының мазмұны жөніндегі сұрақ және жекелей алғанда — қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы мен кінә ұғымының өзара қатынасы табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының мәні мен құрылымы мәселелерін түсіну үшін қылмыстық құқық бұзушылық жасау барысындағы тұлғаның барлық психикалық қызметінің мазмұндық жағын талдап, біз қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы деп атайтын бірыңғай механизмінде орын алатын процестер мен құбылыстарды түсіну қажет.

Тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасау барысындағы психикалық құрамдас бөлігі тек (әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін ұғыну; әрекеттің қоғамдық қауіпті зардаптарының туындауы мүмкін немесе туындамай қоймайтындығын сезіну; қылмыстық құқық бұзушылықтың зардаптарын сезінуге және алдын ала білуге нақты мүмкіндігі мен міндеті бола тұра сезінбеу және алдын ала білмеу; қалау не болмаса қаламау, бірақ зардаптардың туындауының мүмкіндігіне немесе туындамай қоймайтындығына саналы түрде жол беру; зардаптарды болдырмауға жеңілтектікпен сену) кінәнің қасақана және абайсыз нысаны ұғымдарының тұжырымдарында көрсетілген саналы-ерікті психикалық процестермен ғана шектелмейді деп болжаймыз.

Біздің көзқарасымыз бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағын зерттеу қағидасы бойынша, яғни кінәлінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауға деген психикалық қатынасын — яғни, қылмыстық құқық бұзушылықтарды, қоғамдық қауіпті зардаптарынан бөлек қарастыру қажет. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын қарастыруға деген мұндай қатынас қылмыстық құқықтың теориясында белгілі қарсылықтарды туындатады. Н. Ф. Кузнецова кез келген қылмыстық құқық бұзушылық (формальдық немесе материалдық құрамы бар) өзімен бірыңғай ажырамас тұтастықтан тұрады, соған байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын қоғамдық қауіпті әрекетке және қоғамдық қауіпті зардаптарға қатысты бөлек қарастыруға болмайды деп көрсеткен [5].

Айтылған пікір бұл жағдайға жатпайды деп санаймыз, өйткені қылмыстық құқық бұзушылық құрамы мен оның элементтерінің сипаттамасы туралы сөз болып тұр. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық элементтері мен белгілерінің бірыңғайлығы және ажырамас өзара байланыстылығы фактісін дауға салмай, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын қарастыру және ғылыми зерттеу барысында тұтастай бөлшектерге

бөлінуін ойша білдіретін ғылыми талдау әдісін қолдануға болады және қолданған жөн деп санаймыз.

Мақаланың соңында абайсызда қатысып жасау институтына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағын кешенді зерттеуді өткізу, қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағының жалпы сұрақтарын қарастыру нәтижесінде құрастыру және қолданыстағы заңнаманы және оны қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша бірқатар теориялық ұсыныстар орын алуда. Атап айтқанда, қылмыстық-құқық теориясында қабылданған қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының анықтамасы оның мазмұнының жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұл ұғым ауқымдырақ болып табылады және тұлғаның ойынан (ой толғамынан) өтетін қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс әрі дәл саралау және әділетті жаза тағайындау үшін қажетті барлық психикалық құбылыстардың мазмұнын қамтиды деп санаймыз.

Осылайша, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы деп қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға және жаза тағайындауға әсер ететін, кінәні дәл әрі толық анықтау және оның көлемі мен дәрежесін анықтау үшін тікелей мәні бар қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға байланысты тұлғаның ағзасында өтетін психикалық құбылыстардың көрінісі деп түсіну қажет.

Қоғамға қауіпті салдары деп материалдық сипатын ғана емес, материалсыз (формальды) салдарында түсіну керек. Демек, қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде салдары міндетті түрде болады. Бұл қысқартылған қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарына да жатады.

Сол себепті, материалдық құрамды қылмыстық құқық бұзушылықтарда, салдарын материалды, ал қысқартылған және формальды қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарында — материалсыз (формальды) деп атаған дұрыс.

РЕЗЮМЕ

В данной работе изучено значение субъективной стороны уголовных правонарушений в соответствии с уголовным законодательством Республики Казахстан.

RESUME

In this paper, the importance of the subjective side of a criminal offense has been studied in accordance with the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шаргородский М. Д. Вина и наказание в советском уголовном праве. — М., 1945.
2. Дагель П. С. Проблемы вины в советском уголовном праве. — Владивосток, 1968.
3. Пионтковский А. А. Учение о преступлении. — М., 1961.
4. Уголовное право Казахстана. Общая часть / Под ред. И. И. Рогова, С. М. Рахметова. — Алматы, 1998.
5. Кузнецова Н. Ф. Ответственность за приготовление к преступлению и покушение на преступление по советскому уголовному праву. — М., 1958.